

**Түркістан облысы ДСБ «Облыстық офтальмологиялық ауруханасы»  
ШЖҚ МКК сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бойынша  
жұмысшы тобының №1 хаттамасы**

27.07.2023 жыл

Шымкент қ.

Қатысқандар:

Жұмысшы топ мүшелері:

А.Б.Нурманов - №1 МХБ меңгерушісі

Е.Ж.Сыбанқұл - дәрігер-офтальмолог

Н.Т.Турганбаева – экономист

Г.Н.Дуйсенова - бас мейіргер

Ж.С.Мусабекова – заңгер, комплаенс офицер

Б.Т.Абдикешова - мейіргерлер Ассоциациясының Төрайымы

Өткізілген орны: Шымкент қаласы, Д.Курманбеков көшесі, 2/6, мәжіліс залы. Өткізілген уақыты: сағат 15-00, 27 маусым 2023 жыл

**Күн тәртібі:**

1) «Облыстық офтальмологиялық ауруханасы» ШЖҚ МКК (әрі қарай – ООА) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін алдын ала талдау нәтижелерін талқылау;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдарды олардың тізбесін қалыптастыра отырып айқындау

**Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз сөйлегендер:**

Комплаенс офицер, заңгер Ж.С.Мусабекова: Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына сәйкес, Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық офтальмологиялық ауруханасы» ШЖҚ МКК (бұдан әрі - Кәсіпорын) басшысының 2023 жылғы 13 маусымдағы «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 124-н/қ бұйрығы негізінде 08.01.2022-23.06.2023 жылдар аралығында ООА-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне алдын ала ішкі талдау (әрі-қарай – ішкі талдау) жүргізілді.

Осы мәселеге байланысты, біздің мекемеде ішкі талдау алғаш рет жүргізіліп отыр, алдын ала жүргізілген ішкі талдаудың аналитикалық анықтамасы жобасы дайын. Сіздерге талқылауға ұсынамын.

08.01.2022-23.06.2023 жылдар аралығында ООА-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне алдын ала жүргізілген ішкі талдау оқып, таныстырылды.

### Күн тәртібіндегі екінші мәселе:

Қатысушыларға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жататын қызметкерлердің лауазымдары мен тізімін қалыптастыру ұсынылды. Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, қызметкерлердің лауазымдары екі санатқа бөлінген – басшылар және орындаушылар. Барлық санаттағы басшылардың (басшы, басшының орынбасарлары, емдеу бөлімінің басшылары және тағы басқа құрылымдардың басшылары) ұйымдастыру-шаруашылық нұсқалуықтары бойынша шешім қабылдауға және орындауға құқықтарының болуын ескере келе, олар жоғары сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жататын лауазымдар.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жататын лауазымдар деңгейі, олардың функционалдық ерекшеліктеріне байланысты, ООА-ның қызметкерлеріне келесілер әсер етеді:

- бюджеттік қаржыны игеру;
- кадрларды іріктеу, қызмет бойынша көтерілуі, жұмыстан босатылуы, тәртіптік шара және көтермелеу шаралары;
- қажетті шешімдерді еркін қабылдауға мүмкіндік беретін және жеке пайда табуға мүмкіндік беретін азаматтармен және ұйымдармен қарқынды байланыс.

Жиналысты қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жататын қызметкерлердің лауазымдары мен тізімін қалыптастырылды.

Жиналыс төрағасы

А.Нурманов

Комплаенс офицері, заңгер

Ж.Мусабекова